

**Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2008 жылғы № С-11/6 "Еңбекшілдер ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үйлерін ( жеке меншіктегі тұрғын үйді ұстаудан басқа) ұстау, коммуналдық және абоненттік телефон байланыс қызметтерімен пайдалану үшін төлеуге, тұрғын үй көмегін беру Ережелерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2010 жылғы 2 шілдедегі № С-24/4 шешімі. Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 6 тамыздағы № 1-10-122 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 сәуірдегі № С-15/6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 26.04.2013 № С-15/6 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

«Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына, «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512, 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 «Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» қаулыларына сәйкес Еңбекшілдер аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № С – 11/6 «Еңбекшілдер ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларына ( азаматтарға) тұрғын үйлерін (жеке меншіктегі тұрғын үйді ұстаудан басқа) ұстау, коммуналдық қызметтер мен телефондық абоненттік байланыс қызметтерін пайдалану үшін төлеуге тұрғын үй көмегін беру Ережелерін бекіту туралы» ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 1-10-81 тіркеліп, 2009 жылғы 13 ақпанда аудандық «Жаңа дәуір» газетінде және 2009 жылғы 14 ақпанда аудандық «Сельская Новь» газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

шешімнің кіріспесі келесідей редакцияда баяндалсын:

«Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті

мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512, «Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулыларының негізінде».

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихатының бюджет және экономикалық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім Еңбекшілдер ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен соң күшіне еніп, ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

сессиясының төрағасы	Аудандық мәслихат А. Гапбасов
хатшысы	Аудандық мәслихаттың М. Исажанов
«КЕЛІСІЛДІ»	
әкімі	Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының Т. Хамитов
мекемесінің бастығы	«Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік Т. Әбуова
мекемесінің бастығы	«Қаржы бөлімі» мемлекеттік А. Бекенова
мекемесінің бастығы	«Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік Р. Нұрғалиев